

"Мемлекет басшысының "Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам" атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 1582 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында: реттік нөмірі 41-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

41	«Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңінің жобасын әзірлеу және енгізу	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	ККМ, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері	2012 жылғы 1 қараша	2012 жылғы 1 желтоқсан
----	---	--	--	---------------------	------------------------

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 41-1-жолмен толықтырылсын:

«

41-1	«Ақпараттық Қазақстан – 2030» мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңінің жобасын әзірлеу және енгізу	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	ККМ, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері	2019 жылғы 1 қараша	2019 жылғы 1 желтоқсан
------	--	--	--	---------------------	------------------------

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов